

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

Қамқоршылық кеңес отырысының

хаттамасы №1

Өткізу күні: 2025 жыл 3 қыркүйек

Өткізу орны: Эстетикалық бағыттағы гимназияның мәжіліс залы

Қатысқандар: мектеп директорының у.м.а., тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңес мүшелері

Қатысушылар саны: 13 адам

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту
2. Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау
3. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту. Кеңес жұмысының негізгі бағыттарын белгілеу
4. «Мектепке жол» акциясын оздыру туралы

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Кусанова Э.К. -ЭБГ директордың у.м.а.

Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттері, жұмыс істеу тәртібі және нормативтік-құқықтық негізі туралы толық ақпарат берді:

Қамқоршылық кеңестің мақсаты:

Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымы мен қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған қоғамдық бақылау және қолдау тетігі болып табылады.

Негізгі мақсаты – мектептің ашықтығын қамтамасыз ету, білім мен тәрбие беру сапасын арттыруға жәрдемдесу, әлеуметтік серіктестік пен ата-аналар қауымдастығының белсенділігін арттыру.

Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

1. Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмек көрсету;
2. Мектептің стратегиялық даму бағыттарына қолдау білдіру және қоғамдық бақылау жүргізу;
3. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы және жетім балаларды қолдау шараларын ұйымдастыру;
4. Қайырымдылық және демеушілік іс-шаралар өткізуге атсалысу;
5. Мектеп пен ата-аналар арасындағы серіктестік пен өзара сенімді нығайту;
6. Білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған жобалар мен бастамаларды талқылап, қолдау;
7. Оқушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік қорғалу мәселелерін қадағалау;
8. Мектептің даму жоспары, есептері мен шығындарын қарастыру кезінде қоғамдық пікірді білдіру. Кеңес қызметінің еріктілік қағидаттарына сүйеніп жүзеге асырылатыны атап өтілді.

Ол «Мектепке жол» акциясының барысы жөнінде мәлімет беріп, әлеуметтік қорғалмаған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Кусанова Э.К. -ЭБГ директордың у.м.а.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – білім беру ұйымы мен қоғам арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыру, әлеуметтік серіктестікті дамыту, оқушыларға қолдау көрсету және мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал ету екенін атап өтті.

Кусанова Э.К. өз сөзінде қамқоршылық кеңесті құрудың маңыздылығына тоқталып, кеңес құрамына түрлі сала өкілдерінің енгізілгенін айтты. Кеңес мүшелері – ата-аналар, педагогтар және қоғам белсенділері, олар мектеп өміріне белсене араласуға, оқушылардың

әлеуметтік жағдайына назар аударуға және демеушілік көмек ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ол сондай-ақ кеңестің жұмысы заңды негізде жүзеге асатынын, оның қызметі ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сүйеніп жүргізілетінін атап өтті.

Кусанова Э.К. 2023 жылғы 19 тамыздағы № 88 бұйрық негізінде «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ.МКК қамқоршылық кеңесі құрылғанын және оның құрамы төмендегідей екенін хабарлады:

1. Кадыргалиев Тимур Аскарлович
2. Матжанова Гулвира Жусуповна
3. Кинжеева Альфия Кизиятовна
4. Ющенко Сюзанна Арташесовна
5. Сердалиев Жалғас
6. Калиева Асланбек Иосипович
7. Ихсангалиева Макпал Уалихановна
8. Нарешов Булат
9. Кадыргалиев Тимур Аскарлович
10. Сейтказина Маншук Акимжановна
11. Швадцкая Екатерина Владимировна

Кеңес төрағасы болып **Лямов Данияр Гизатоллаевич**, ал хатшысы болып **Хайрушева Динара Манарбековна** ұсынылғанын мәлімдеді.

Кусанова Э.К. өз пікірін қорытындылай келе, қамқоршылық кеңестің мектеп өміріндегі әлеуметтік серіктестікті дамытуда, демеушілермен байланысты нығайтуда және оқушыларға көмек көрсету шараларын ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

3-мәселе

Сөз алды: Калиева Асланбек Иосипович -кеңес мүшесі

сөз алып, жаңа оқу жылында кеңес қызметін жоспарлы түрде ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Ол жұмыс жоспарының негізгі бағыттарын түсіндіріп өтті:

1. әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардың балаларына көмек көрсету,
2. мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға атсалысу,
3. оқушылардың шығармашылық, мәдени және спорттық әлеуетін арттыруға бағытталған іс-шараларды қолдау,
4. мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты күшейту,
5. «Мектепке жол», «Жаңа жылдық сыйлық», «Наурыз мерекесі», «Қайырымдылық керуені» сияқты акцияларды тұрақты түрде өткізу.

4-мәселе

Негметова Д.М. – әлеуметтік педагог: Өз сөзінде «Мектепке жол» акциясының әлеуметтік маңыздылығына тоқталды. Бұл акция Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (қазіргі — Оқу-ағарту министрлігі) бастамасымен 2008 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Акцияның негізгі мақсаты – аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы отбасылардың балаларына жаңа оқу жылына дайындық кезінде әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады.

Негметова Д.М. атап өткендей, «Мектепке жол» акциясы ҚР Конституциясының 27-бабында бекітілген баланың әлеуметтік қорғалуы құқығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңының 10 және 36-баптарына сәйкес баланың білім алуға тең құқығын жүзеге асыруға бағытталған.

Сонымен қатар, акция Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы әдістемелік ұсынымдары негізінде ұйымдастырылады. Бұл құжаттарда акцияның өткізілу мерзімі, қатысушылардың міндеттері және есептілік тәртібі айқындалған.

Әлеуметтік педагог өз баяндамасында аталған акция аясында мектеп пен қамқоршылық кеңес бірлесе отырып, тұрмыстық жағдайы төмен отбасылар тізімін нақтылау, демеушілер мен меценаттарды тарту, оқушыларды оқу құралдары және мектеп формасымен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

Негметова Д.М. ата-аналар қауымдастығын, кәсіпкерлерді және мектеп түлектерін акцияға белсенді қатысуға шақырды. Сондай-ақ көмек көрсетудің ашық әрі әділ ұйымдастырылуының маңызын атап өтті.

Өз пікірін қорытындылай келе, әлеуметтік педагог «Мектепке жол» акциясы қоғамдағы мейірімділік пен әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін арттырып, балалардың білім алуға тең мүмкіндігін қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

Қаулы етілді:

Қамқоршылық кеңес құрамына төмендей бекітілсін:

1. Кадыргалиев Тимур Аскарлович
2. Матжанова Гулвира Жусуповна
3. Кинжеева Альфия Кизиятовна
4. Ющенко Сюзанна Арташесовна
5. Сердалиев Жалғас
6. Калиева Асланбек Иосипович
7. Ихсангалиева Макпал Уалихановна
8. Нарешов Булат
9. Кадыргалиев Тимур Аскарлович
10. Сейтказина Маншук Акимжановна
11. Швадцкая Екатерина Владимировна

Қамқоршылық кеңес төрағасы болып – Лямов Данияр Гизатоллаевич

3. Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып – *Хайрушева Динара Манарбековна* бекітілсін.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары ұсынылған нұсқада бекітілсін.

5. Кеңес жұмысының негізгі бағыттары ретінде төмендегілер айқындалсын:

1. әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасыларға қолдау көрсету;
2. демеушілер мен шағын кәсіпкерлерді тарту арқылы мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту;
3. «Мектепке жол», «Қайырымдылық жәрмеңкесі» секілді іс-шараларды ұйымдастыру;
4. мектеп алаңын көгалдандыру және эстетикалық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу.

Отырыстың төрайымы:

Хатшы:

Хайрушева Д.М.



Кусанова Э.К.